

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IV Республиканской научно-практической
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-
практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV
Республиканская научно-практическая онлайн конференция,
посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан
Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-
nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya](http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya), 2016. – б. (қазақша, орысша).

ISBN 978–9965–31–813-9

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

ӘОЖ 342 (063)

ISBN 978–9965–31–813-9

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продрозверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг.	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында)	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры	163

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДЕГІ РОЛІ

Ибрагимов Ж.И.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Заң факультетінің профессоры

Бүгінгі таңда 25 жыл толып отырған Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық дамуының алғышарттары, тарихи сабақтастығын зерттеуде, заң ғылымдарында Тұңғыш Президенттің ролін зерделеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, Елбасының жетекшілігімен еліміздің халықаралық-құқықтық аренада танылуына сәйкес көптеген еңбектер атқарылды. Мемлекет Басшысы адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы құқық қорғау органдарының роліне үлкен мән беріп отырады.

2016 жылы 21 қарашада өткізілген соттардың VII съезінде Елбасы: «Өздеріңіз білесіздер, біз Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өту қарсаңында тұрмыз. Қазақстан бүгін – қалыптасқан, әлем таныған және бәсекеге қабілетті мемлекет ретінде танылып отыр. Оны бүкіл дүниежүзілік қауымдастық мойындайды. Біздің табыстарымыздың дәлелі заманға сай және тиімді сот билігі болып табылады. Біздің реформалардың алғашқы күндерінен бастап экономикада алға жылжу бар, халықтың жағдайын өзгерттік, әлеуметтік салада көп өзгерістер болды. Алайда сот пен құқық қорғау органдары жүйесі түзелмей біз еш уақытта реформаларды аяқтадық деп айта алмаймыз» деп атап өтті [1,2].

Әрине бұл құқықтық тәртіпті, заңдылықты орнықтырудың негіздерін жас ұрпақ еліміздің конституциялық-құқықтық даму эволюциясын талдау жасау арқылы ғана ұғына алады.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ кеңестік республикасының егемендігі туралы Декларация бүкіл әлемге одақтан шығуды жариялап, ал 1991 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы конституциялық заң құқықтық дамудың негізін қалады. Құқықтық мемлекеттің іргетасын бекіту үшін заманға сай Конституция қажет болды. Тәуелсіз қазақстанның құқықтық дамуы сол Елбасы жетекшілік еткен конституциялық реформалар негізінде жүргізілді.

1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы референдумда республиканың жаңа Конституциясын қабылдады. Ата заңда жаңа мемлекеттіліктің іргелі негіздері қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды.

Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Басқару нысаны бойынша Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып қала береді. Қазақстанның демократиялық құрылысының негізгі демократиялық принциптері ретінде – адам құндылығы, оның құқығы мен бостандықтары, идеологиялық және саяси әр-алуандылық, заң алдындағы теңдік көрсетілген.

Билікті жүзеге асырудың демократиялық принципі: республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатындығының нақты көрсетілуі өте маңызды болды.

Енді Президент институты 1993 жылғы Конституцияда берілгендей биліктің атқарушы тармағына қосақталмай, Қазақстан халқының мемлекеттік бірлігін көрсетіп, оны жүзеге асырады. Конституцияның III бөлімінің 40-бабына сәйкес Президент - мемлекет басшысы, мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтаушы және Қазақстанды ел іші мен халықаралық қатынаста көрсетуші ең жоғары қызмет иесі бола отырып, біріншіден, халық пен мемлекеттік биліктің бірлігін бейнелейді, оның кепілі болып табылады, екіншіден, мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімді түрде әрекет етуін, билік органдарының Қазақстан халқы алдында жауапкершілікті сақтауын қамтамасыз етеді [2,132-138].

Қазақстан Республикасының Президенті үш билік тармағынан тыс төреші ретінде, әрі соған сай өкілеттіліктерге ие. Жаңа Конституция бойынша Қазақстан мемлекетіндегі басқару жүйесінің ерекшелігі – Президент институты күшейді.

Биліктің Президент қолында шоғырлануы қоғамда қазақстандық саяси жүйеге авторитарлық белгілер тәндігі туралы пікір-таластарды тудырды. Бірақ бұл саяси жағдайдың құбылмалығын ескере отырып, әрі әлеуметтік-экономикалық салада басталған реформаларды жылдам аяқтау қажеттігінен туындаған қадам еді.

Конституция «Президент - Парламент» және «Президент-Үкімет» арасындағы өкілеттіліктер қарым-қатынасын айқын көрсетті. Парламент Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы ретінде танылды. Конституцияда өкілді билік құзырына енетін сұрақтар нақты айқындалған. Парламент конституциялық өкілеттілігіне қарай, шектеулі түрде ғана халық атынан сөйлей алады. Конституцияның IV бөлімі, 61-бабының 3-бөлігінде Парламентке негізгі қоғамдық қатынастарды реттеп, мына салаларды қамтитын негізгі принциптер мен нормаларды бекіту жүктеледі: 1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі, азаматтық құқығы мен бостандығы, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігі; 2) меншік режимі және өзге де мүліктік құқық тәртібі; 3) мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік және әскери қызметтің әрекеттері мен ұйымдастыру негіздері; 4) салық салу, алымдар және басқа да міндетті төлемдердің түрлерін бекіту; 5) республикалық бюджет; 6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелері; 7) білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру; 8) мекемелерді, олардың құрал-жабдықтарын жекешелендіру; 9) айналадағы ортаны қорғау; 10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы; 11) мемлекет қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету. Алғаш рет Қазақстанның Конституциясына «*Парламент*» ұғымы енгізілді.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады. Сенат өкілеттілігі – 6 жыл, Мәжіліс өкілеттілігі – 5 жыл. Осы уақыттан бастап кәсіби парламент қалыптаса бастады.

Президенттік басқарудың жаңа жүйесі жағдайында атқарушы биліктің алатын орны мен жауапкершілігі артты. Енді Үкімет дербес түрде атқарушы билікті жүзеге асырып, өзі атқарушы органдар жүйесінің әрекеттеріне басшылық жасайды. Жаңа Конституцияда Үкіметтің өкілеттіліктері нақты көрсетілген:

- Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін нығайтудың, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, оны жүзеге асырудың негізгі бағыттарын анықтайды;- Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;- Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді; - мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;- Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;- министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;- Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;- Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Партиялық және сайлау жүйелері өзара байланыста дамиды. Сайлау жүйесі партиялық жүйенің сипатына ықпал етеді. Қазақстанның сайлау жүйесі 1993 жылға дейін өзгерген жоқ. Бұл сайлау жүйесі қоғамның сайлау үрдісінің әр түрлі кезеңдерінде қатысуын қамтамасыз ете алды. Бірақ 1990-1992 жж. жағдай сайлау жүйесінің саяси-биліктік жүйедегі жаңа қоғамдық қатынастарға сәйкес еместігін көрсетті. Сондықтан елімізді демократияландыру үрдісінің өзі сайлау заңдарын жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Елімізде сайлау жүйесін реформалау 1993 жылы қабылданған Конституциядан басталды. Конституция өкілеттілік жүйесі мен принциптерін толығымен өзгертті. Конституцияға сәйкес республикадағы мемлекеттік билік көзі болып Қазақстан халқы танылды, әрі халық өзінің билігін тікелей немесе өз өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Сайлау жүйесіндегі өзгерістердің келесі кезеңі 1993 жылы ``Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы`` кодекстің қабылдануымен байланысты. Сайлау туралы кодекске сәйкес, Қазақстанда мажоритарлық сайлау жүйесі енгізілді.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылдануымен сайлау жүйесінің дамуындағы үшінші кезең басталды. Қазақстанның Сайлау туралы заңнамасының негізін конституциялық заң күші бар 1995 жылы 28 қыркүйекте қабылданған “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Президент жарлығы құрайды.

Осы өзгерістерге сәйкес, бірінші шақырылымдағы Парламент Сенаты мен Мәжілісіне сайлау 1995 жылы желтоқсанда өтті. 1995 жылғы Парламент

сайлауы науқанының ерекшелігі саяси бірлестіктердің өзара бірігуі. Сенатқа – 40 депутат, 19 облыстан және астанадан 2 адамнан сайланды. 7 депутат ҚР Президентімен тағайындалды. Қос палаталы Парламент Жоғарғы Кеңестер сияқты жылына 2-3 рет өткізілетін сессияларға жиналып отыратын өкілді орган емес, сессиялары жылда қыркүйектің бірінші жұмыс күнінен басталып, келер жылғы маусымның соңғы жұмыс күні біткенше тұрақты қызмет ететін, еліміздегі заң шығару функциясын жүзеге асыратын ең жоғары өкілді органға айналды. Аталмыш Парламент өз билік жасаған кезеңінде 500-ге жуық заң қабылдады.

Еліміздегі партиялық жүйенің дамуына Конституциядан ``Партиялар азаматтардың саяси еркін қалыптастыру мен білдіруге ықпал етеді`` - деген арнайы баптың алынып тасталынуы үлкен әсер етті. Бұл өзгеріс еліміздің азаматтық қоғамға өту жолындағы маңызды қадам болды. Сонымен бірге мемлекеттік органдарда саяси партия ұйымдарын құруға, қоғамдық ұйымдар қызметіне мемлекеттің заңсыз араласуына, әрі қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігіп кетуіне тыйым салынды.

Көппартиялық жүйенің қалыптасуындағы заңнамалық негіздің әрі қарай жаңартылуы, жетілдірілуі 1996 жылы қабылданған ``Қоғамдық ұйымдар туралы`` және ``Саяси партиялар туралы`` заңдардан көрініс тапты. Қазақстан азаматтарының еркін бірігу құқы осы заңдармен қамтамасыз етілді. Бірақ 1995 жылғы Парламент Мәжілісіне сайлаудан кейін партиялар дамуындағы дағдарыс байқалды.

Мемлекеттік-құқықтық құрылыс дамуының негізгі бағыттары Елбасының 1996 жылғы Қазақстан халқына жолдауында белгіленді: әлемдік мемлекеттік-құқықтық реттеу әдістерімен Қазақстанның саяси-құқықтық және басқару жүйесіндегі сәйкессіздіктен арылу; орталықтағы және жергілікті жерлердегі атқарушы органдар жүйесін реформалау, қарапайым, пайдалы, басқаруға икемді әкімгершілік-территориялық құрылыс басқару жүйесін қалыптастыру; елдегі инвестициялық белсенділікті арттыру мақсатында заңдық шарттарын жасау және материалдық өндіріс пен қызмет көрсету салаларын жаңарту; тұрғындарды әлеуметтік қорғау саласындағы қазақстандық заңнамаларды жетілдіру; құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету, азаматтардың сауаттылық, құқықтық мәдениет деңгейін көтеру.

Сонымен қатар кейінгі Ұлт Көшбасшысының Жолдауларында құқықтық дамудың жетілдірілген нысандары ұсынылды: «Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануға тиіс. Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады. Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне тартуымыз керек. Біз әлеуметтік бүлдіргі пиғылды жұмысқа орналасу

мәселесімен байланыста қарауымыз керек. Біз қоғамдық орындардағы бұзақылық әрекет үшін жеке іс қағазында және резюмеде міндетті түрде көрсетілетін және жұмысқа қабылдау, қызмет сатысы бойынша өсіру кезінде ескерілетін жаза қолдануды енгізуіміз керек. Мұның бәрі қоғамдық өмірдің нормасы болуға тиіс»[3,7].

1997 жылдан еліміздегі саяси реформалау тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында барлық мемлекеттік институттар жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталды. 1997 жылы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы қабылданды. 1998 жылғы Елбасының Қазақстан халқына жолдауында елді демократияландыру және саяси реформалау бағдарламасы ұсынылды. Қазақстандағы саяси реформаның жеті өзегі анықталды: Біріншіден, қазақстандық демократияның негізін еркін және әділ сайлау құрауы тиіс; Екіншіден, азаматтар саяси үдерістің толыққанды қатысушыларына айналуы үшін елдің саяси жүйесіндегі партия рөлін күшейту; Үшіншіден, Қазақстанды демократияландырудың негізгі бағыттарының бірі - парламент рөлін күшейту. Осы мақсатта Республика Президенті уақытынан бұрын қызметінен босатылғанда немесе қызметінен бас тартқан, сонымен бірге қайтыс болған жағдайда өкілеттілік Сенат төрағасына, ал Сенат төрағасы ала алмаған жағдайда Мәжіліс төрағасына көшеді. Премьер-министр мен өкімет мүшелері парламент алдында жауапты, олардың алдында есеп беріп отырулары тиіс; Төртіншіден, азаматтық қоғамды орнатуда үкіметтік емес ұйымдар рөлін күшейту; Бесіншіден, тәуелсіз сот жүйесін қалыптастыру; Алтыншыдан, еркін және тәуелсіз БАҚ-ты дамыту; Жетіншіден, қоғам өміріндегі әйелдер рөлін көтеру. Мінеки, дәл осы кезде әйелдер мәселесі бойынша арнайы комиссия құрылды.

Ал бүгінгі таңдағы жаһандық кезеңдегі мемлекеттің құқықтық дамуына сәйкес Елбасы былай деп атап көрсеткен болатын: «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғарғы құқықтық мәдениет керек. Мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдері керек. Заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуы тиіс»[4,3].

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «5 институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» Ұлт жоспарын орындаудың тәжірибелік кезең басталды. Бұл жоспардағы әр реформаның халық мүддесіне қызмет етуі мақсатында барлық мемлекеттік органдардың бірлесіп тиімді қызмет атқаруы қажет. Өйткені бұл реформалар халық алдында есеп беруші мемлекетті дамытуға бағытталған. Сондықтан Ұлт Көшбасшысының ұсынысымен қабылданған бұл реформаларды жүзеге асыру үшін тәуелсіз еліміздің әр азаматы өз деңгейінде үлес қосуы қажет. Сол жағдайда ғана әлемдегі 30 озық елдің қатарына қосылып, «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру мүмкіндігі молая түседі деп ойлаймыз.

Осы орайда, мемлекеттік-құқықтық дамуда ең негізгі ролді атқарған конституциялық өзгерістердің жүргізілуі және бүгінгі таңдағы институционалды реформалардың орындалуындағы Тұңғыш Президенттің атқарған ролі өте зор деп айтқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 2016,21 қараша.-8б.
- 2.Қазақстан Республикасының Конституциясы. // Қазақстан: мемлекеттік кезеңдері. Конституциялық актілер/Құрастырған Ж. Бәйішев. - Алматы: Жеті жарғы, 1997.238б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012,15 желтоқсан .-8б
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050:бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2014,17 қаңтар.-8б.

ТАРИХИ ДЫБЫС ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ТҮБІР ҚҰРЫЛЫМЫНА ӘСЕРІ

Иманбай Асыл Рахымжанқызы

assyl_1993@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Түркология мамандығының магистрі

Түбірлердің даму жолдарын анықтау олардың дыбыстық құрылымын анықтаудан басталады десек те болады. Себебі түбірлердің дыбыстық құрылымын анықтамай тұрып, олардың тұлғалық, мағыналық өзгерістерін ашу мүмкін емес. Түбірлердің дыбыстық құрылымы мәселесі туралы айтылған пікірлер түркологияда бүгінгі күнге дейін толастамағандығы түркітануда бұл мәселенің күн тәртібінен түспеген өзекті мәселе екенін айғақтайды. Сөз мағынасына әсер етпей ауыса беретін тарихи дыбыс өзгерістері әдеттегі құбылыс ретінде назардан тыс қалып жатады. Түркілік тілтаным ғылымы тарихында дыбыс өзгерістерінің тіл табиғатын танытудағы маңызын, туыс тілдерді өзара ажыратудың басты белгілері ретіндегі қызметін саралау XI ғасыр лингвисті М.Қашқаридың еңбегінен бастау алады десек еш қателеспейміз.

Тілдің даму тарихының белгілі бір кезеңінде пайда болған дыбыстар сәйкестігінің тілдегі болмысы сан алуан екені белгілі. Осындай қасиетіне байланысты оның атқаратын қызметі де тілдің белгілі бір салаларына телінулі. Дыбыстар сәйкестігі белгілі бір кезеңнің жемісі ғана емес, ол өзіне дейінгі қолданылып келген белгілі бір тілдің заңды жалғасы бола отырып, сол халық тілінің ерекшелігі ретінде көрініс тауып, өзі өмір сүріп отырған дәуірде белгілі бір тілдік аяда қызмет атқара отырып, келесі бір кезеңге өзі өмір сүрген уақыттың айырмашылығы ретінде беріліп отыратын жалпы тілдің дамуымен байланысты. Осындай күрделі тарихты басынан өткіре отырып біздің дәуірімізге дейін жеткен дыбыстар сәйкестігін бір кезеңнің құбылысы ретінде қарастыра алмаймыз.